

Ауыл көркі - еңбек

Бұл киелі де, қасиетті өлкеде қазақтың тұңғыш дәрігері Мұхамеджан Қарабаев дүниеге келген десек, бірден Введен ауылдық округі ойға оралады

Бүгінде Введен ауылдық округіне Загаринка, Каменка ауылдарын қосқанда 1443 тұрғын яғни, 298 шаңырақ қарасты. Округте 7 ЖШС, 28 шаруашылық қожалығы, 14 жеке шаруашылық бар. Жалпы білім беретін 2 мектеп жұмыс істейді. Сондай-ақ, ауылдық кітапхана, Введен орта мектебінің қабырғасынан орын алған мұражай ауыл тарихынан сыр шертетін мәдени орынға айналған. Ауыл халқының салауатты өмір салтын қалыптастырып, спортқа ден қоюлары үшін орталық «Достық» стадионын 2015 жылы қайта жөндеуден өткізілген. Мұнда волейбол, баскетбол алаңдары жабдықталып, спортпен шұғылданамын деген тұрғындар үшін үйірмелер жұмыс жасайды.

Округке қарасты аумақ халқы үшін «Қазпошта» АҚ бөлімшесі қызмет көрсетеді. Введенка ауылдық округінің орталығында фельдшерлік амбулаториялық пункт пен Загаринка селосында медициналық пункт те бар.

Жалпы, округті 2017 жылдан бастап Асхат Татимбеков басқарып, әкімдік қызметті атқарып келеді. Асхат Келдімбайұлы 1980 жылы Борьки ауылында қарапайым отбасында



дүниеге келген. Отбасында бірге туған апасы мен бауыры бар. Ата-анасы Борьки орта мектебінде қарапайым жұмысшы болып еңбек еткен жандар. Екі баланың әкесі.

- Мен, 1998 жылы Борьки орта мектебін бітіріп, ҚР ІПБ Повладар заң колледжине оқуға түстім. Кейін А.Байтұрсынов атындағы

Қостанай мемлекеттік университетінің сырттай бөлімін тәмамдадым. 2000-2012 жылдар аралығында Меңдіқара аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет еттім. Кейін 2013 жылдан бастап М.Қарабаев атындағы Қостанай облыстық оңалту орталығында заңгер болып қызмет жасадым. 2017 жылы Введен ауыл-

дық округінің әкімі болып тағайындалдым, - деді әңгіме барысында өзін таныстырып өткен Асхат Келдімбайұлы.

- Әрине, ауыл әкімінің жұмысы жан-жақты. Күнделікті жұмыс барысында түрлі жағдайдағы мәселелердің шешімін тауып, халықтың тыныс-тіршілігін бақылап, жағдайын жасауға

тырысамыз. Дегенменен, жұмыс барысында, жақсы тілек пен алғыстан бөлек ескерту мен шағымдар да түсіп жатады. Әр ауылдың тілегі жақсы жол мен жарықтандырылған көше екені белгілі. Біз де осы жолда жұмыс істеп келеміз. Мәселені қаржыға байланысты шешіп отырамыз. Әлі де жұмыс жасалатын бола-

ды. Биылғы жылдың мамыр айында Введен ауылының мемлекеттік мекемелеріне кең жолақты интернет іске қосылды. Бұл да бір шешімін тапқан мәселе деп санаймын. 2019 жылы ауылымыздың 3 тұрғыны «Еңбек» бағдарламасы бойынша білімдерін жетілдіріп, несие рәсімдеп өз алаңына мал шаруашылығымен айналысу мүмкіндігіне ие болды. Ауыл мектептерінің жөндеу жұмыстары мен қыс-көктем мезгіліндегі жол мәселесіне жергілікті ауылшаруашылығын өндірушілер қол ұшын беріп, демеушілік танытып отырады. Округ аумағы мен көршілес екі округті күнделікті нан өнімімен қамтамасыз етіп отырған Ю.Н. Федуров деген жеке кәсіпкеріміз бар. Күнделікті наубайханадан 150-160 бөлше нан өнімін пісіріп шығарады, бағасы да қолжетімді. Ауыл тұрғындарының жағдайы жақсы. Ең бастысы табылмай еңбек ету керек, ауыл көркі - еңбек деген ойдамын, - дейді ауыл әкімі Асхат Татимбеков. Бізде өз кезегімізде ауыл әкімінің еңбегі жемісті болғай дейміз.

**Қымбат
НАҒАШЫБАЙ**